

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есеп беретін екінші деңгейдегі банктердің және басқа тұлғалардың елдер, валюталар және қорлар атауларының мемлекеттік жіктеуіштерін пайдалануы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 489 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1725. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 266 Қаулысымен

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есеп берген кезде қолданылатын елдер, валюталар және қорлар атауларының мемлекеттік жіктеуіштерін бір ізге салу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне есеп беретін екінші деңгейдегі банктер және басқа тұлғалар осы қаулы күшіне енген күннен бастап есеп берген кезде ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1-2001 "Елдер атауы және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеу үшін кодтар. 1 бөлім. Елдер кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.2-2001 "Елдер атауы және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеу үшін кодтар. 2 бөлім. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.3-2001 "Елдер атауы және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерін белгілеу үшін кодтар. 3-бөлім. Бұрын пайдаланылған елдер атауын белгілеу үшін кодтар" және ҚР МЖ 07 ИСО 4217-2001 "Валюта мен қорларды белгілеу үшін кодтар" деп аталатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіштерін (бұдан әрі - мемлекеттік жіктеуіштер) пайдалансын.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастан он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне,

аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап отыз күндік мерзім өткеннен кейін күшіне е н е д і .

4. Ақпарат технологиясы департаменті (Молчанов С.Н.):

1) мемлекеттік жіктеуіштерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелері қолданатын тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуге енгізуді, осы жіктеуіштерді орталықтандырып жүргізуді қамтамасыз ететін болсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзімде мемлекеттік жіктеуіштерді екінші деңгейдегі банктерге және оларды банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберу міндеттеле отырып, Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайтын болсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.